

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
Бақылау кеңесінің шешімімен
2024 жылғы «15» мамырдағы
№3 хаттамасымен
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болжамды этикалық емес/заңсыз
әрекеттер туралы хабарлау саясаты**

1. Негізгі ережелер

1. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Институт) Қазақстан Республикасының заңнамасын және өзінің корпоративтік құндылықтарын құрметтеу және сақтау негізінде бизнесті әділ және жауапты жүргізу қағидаттарын ұстанады, сондай-ақ әрбір қызметкердің және барлық мүдделі тараптардың пікірі бағаланатын адалдық пен ашықтық мәдениетін қолдайды.

2. Серіктестікте болжамды этикалық емес/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 24-бабы және Институттың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес әзірленді және Институтты қызметке қатысты кез келген құқық бұзушылықтар мен заңсыз әрекеттер, күдікті оқиғалар, оның ішінде әдепсіз іскерлік тәжірибеге әкеп соқтыратын орынсыз мінез-құлық фактілері туралы хабардар ету жөніндегі қағидаттар мен рәсімдерді реттейді.

2. Глоссарий

Мемлекеттік қызметші – заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік органда мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікке ие Қазақстан Республикасының азаматы;

Лауазымды тұлға – басқару қызметін тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не Институтта және оның құрылымдық

бөлімшелерінде ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді атқаратын тұлға;

Ақпараттандырушы – туындауы мүмкін әдепсіз әрекет / заңсыз іс-қимылдар туралы хабарлама Саясатында аталған кез келген бұзушылықтарға қатысты ақпарат пен мәлімет берген тұлға.

Мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік қызметті орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы туындауы мүмкін қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына (немесе) мүлдем орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік қызметті орындауға уәкілеттік берілген немесе оларға теңестірілген, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар ұсыну арқылы пара беру;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Құқық бұзушылық (заңсыз мінез-құлық) – бұл құқық нормаларына қайшы келетін және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік көзделген қоғамға қауіпті кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеп, енгізу арқылы сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастырып іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ұйымдастырушылық, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

3. Саясаттың мақсаты мен қолданылу аясы

3. Саясаттың мақсаты:

1) Институт қызметкерлерін туындауы мүмкін әдепсіз әрекет / заңсыз іс-қимылдар мен күдікті оқиғалар туралы адал және дереу хабарлауға ынталандыру.

2) Институт қызметкерлерін туындауы мүмкін әдепсіз әрекет / заңсыз іс-қимылдар мен күдікті оқиғаларға қатысты өз күдіктерін қалай қорықпай білдіруге болатындығы туралы хабардар ету.

4. Саясат Институттың барлық қызметкерлеріне қатысты қолданылады.
5. Институттың лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерін осы Саясатпен таныстырып оқыту жүргізіледі.

4. Негізгі қағидалар

6. Саясат жоспарланған, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар (үшінші тұлғалар тарапынан да, өз тарапынан да) не төменде көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы, егер ол ақпарат жалған болмаса, күдік туралы хабарлау қажеттігін меңзейді:

- Институттың Іскерлік әдеп кодексінің және басқа да ішкі саясатының талаптарын сақтамау нәтижесінде Институттың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін Институт қызметкерлерінің әдептік емес немесе өзге де мінез-құлқы;

- заңнама нормаларын бұзу: сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, бопсалау, парақорлық (алу, беру, не делдалдық), заңсыз ақшалай сыйақы алу, ақша жымқыру немесе өзге де қылмыстық әрекет;

- мүдделер қақтығысы және қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану;

- адам құқықтарына нұқсан келтіру, кемсітушіліктің немесе қудалаудың кез-келген түрі;

- денсаулық пен қауіпсіздікке қауіп төнуі;

- қоршаған ортаға зиян келтіру;

- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдер;

- шарттық және құқықтық міндеттемелерді тиісінше және уақтылы орындамау;

- сенімсіз қаржылық немесе қаржылық емес есеп, бухгалтерлік есеп пен аудиттегі әдепке сай емес тәжірибелер;

- қызметтік және құпия ақпаратты рұқсатсыз ашу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасын және әдеп қағидаттарын өзге де бұзуы;

- жоғарыда аталған құқық және әдеп бұзушылықтарды әдейі жасыру немесе жеткізбеу.

7. Саясаттың 6-тармағында аталған кез келген құқық бұзушылықтарға қатысты ақпарат пен мәліметтер берген тұлға (бұдан әрі - ақпарат беруші) жоспарланған, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар не құқық бұзушылық жасады деген күдік туралы хабардар ететін тұлға болып табылады.

8. Ақпарат берушіге қатысты құпиялылыққа кепілдік беріледі, сондай-ақ егер құқық немесе әдеп бұзушылыққа күдік қате болып шықса, Саясаттың 11-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда.

9. Барлық қатысушы тараптар, соның ішінде ақпарат берушінің өтініші бойынша тексеру жүргізілетіндер, олардың беделіне зиян келтіруге жол бермеу үшін құпиялылыққа құқылы.

10. Саясатты жұмыс жағдайларына қатысты шағымдар мақсатында, сондай-ақ жеке немесе құқықтық дауларды реттеу үшін пайдалану көзделмеген. Жұмыс жағдайларына қатысты шағымдар қолданыстағы заңнамаға және Институттың ішкі құжаттарына сәйкес өзге тәртіппен қаралады.

11. Ақпараттандырушы көрінеу жалған ақпарат берген жағдайда, оған қатысты тәртіптік жаза шараларын немесе осындай жағдайлар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Институттың ішкі құжаттарында белгіленген кез келген басқа шараларды қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

12. Құқық немесе әдеп бұзушылық туралы жауапкершілікпен хабарлаған ақпарат берушіге қатысты тәртіптік, кемсітушілік немесе өзге де шаралар қолдануға немесе қолданамын деп қорқытуға жол берілмейді.

13. Саясат ақпарат берушінің құқық немесе әдеп бұзушылық жасады деген күдік туралы ақпаратты ашуына байланысты емес жағдайларға (еңбек шартын бұзу, лауазымдық міндеттерін орындамау және басқалар) байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Институттың ішкі құжаттарына сәйкес оған қолданылатын тиісті шаралардан қорғай алмайды.

5. Ақпаратты жариялау және өтініштерді қарау тәртібі

14. Институтта ақпарат берушілерден түсетін кез келген құқық немесе әдеп бұзушылықтар жайлы әрекеттер мен күдікті оқиғалар туралы хабарламаларды құпия жинау және тіркеу ұйымдастырылған.

15. Ақпарат беруші жедел желі байланыстары арқылы құқық немесе әдеп бұзушылық жайлы ақпаратты Институтқа хабарлай алады. Ақпарат берушінің өтініші жазбаша және егжей-тегжейлі ақпаратты қамтуы тиіс. **Комплаенс-офицердің байланыстарын Институттың сайтынан немесе кадр бөлімінен табуға болады.**

16. Сондай-ақ, ақпарат беруші кез-келген құқық немесе әдеп бұзушылықты жасады деген күдік туралы хабарламаны Институттың нақты құрылымдық бөлімшесінің басшысына жазбаша түрде жібере алады. Бұл жағдайда Институттың құрылымдық бөлімшесінің басшысы алынған ақпаратты Институттың уәкілетті қызметкерлеріне (комплаенс-офицерге) дереу жіберуге тиіс.

17. Ақпарат беруші ақпаратты беру әдісін өз бетінше таңдайды: анонимді немесе ашық түрде. Ақпараттандырушы ақпаратты анонимді түрде беру кейбір жағдайларда тексеру жүргізуді қиындатуы немесе мүмкіншілігін жоққа шығаруын ұғуы тиіс, сондай-ақ кейбір жағдайларда ақпараттандырушы тарапынан қосымша әрі нақтырақ ақпарат немесе құжаттамалық растамалар қажет болуы мүмкіндігін ескеруі тиіс.

18. Ақпарат беруші ақпаратты жасырын беруден бас тартқан жағдайда, ақпарат берушінің дербес деректерін ықтимал бұзушылықтар туралы алынған ақпаратты бағалап және тексеру жүргізуге уәкілетті қызметкерлер ғана пайдаланады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ақпаратты ашуды талап ететін жағдайларды қоспағанда, ақпарат берушінің дербес деректерінің немесе жеке басын анықтауға болатын кез келген басқа ақпараттың құпиялылығын бұзу Институттың уәкілетті қызметкерлеріне қатысты тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдауға әкеп соғуы мүмкін.

19. Ақпарат беруші ұсынған ақпаратты Институттың уәкілетті қызметкерлері одан әрі тексеру жүргізудің орындылығы туралы шешім қабылдау үшін алдын ала бағалайды.

20. Егер ақпарат берушінің хабарламасы одан әрі тексеруді талап етсе, Институттың уәкілетті қызметкерлері құпиялылық жағдайында Институттың ішкі құжаттарына сәйкес барлық қатысушы тараптарға қатысты бейтарап және объективті тексеру жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ ақпарат берушінің өтінішіне қатысты қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

21. Ақпарат беруші ұсынған құқық бұзушылық жасады деген күдік туралы мәліметтер құпиялылық негізінде егжей-тегжейлі тексеру жүргізу мақсатында тартылатын Институттың өзге қызметкерлеріне тек қызметтік қажеттілік қағидаты бойынша ғана берілуі мүмкін.

22. Институттың уәкілетті қызметкерлерінен өзге тұлғаларға, яғни ақпарат берушілер немесе кез келген басқа тұлғаларға өз бетінше дербес тексеру жүргізуіне тиым салынады.

23. Ақпараттандырушы ұсынған мәліметтер расталған жағдайда Институттың уәкілетті тұлғалары жүргізілген тексеру нәтижелері туралы егжей-тегжейлі хабардар етілуі қажет және тиісті мерзімде тексеру мен есеп жасауға қатысатын уәкілетті тұлғалардың ұсынымдары негізінде расталған құқық бұзушылық фактілері бойынша шешім қабылдауы қажет.

6. Қорытынды ережелер

24. Саясатты Институттың Бақылау кеңесі бекітеді.

25. Егер Бақылау кеңесінің шешімімен Саясатты қолданысқа енгізудің өзге мерзімі белгіленбесе, ол Бақылау кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

26. Институттың комплаенс-офицері Саясаттың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

27. Саясат қажеттілігіне қарай, бірақ 2 (екі) жылда кемінде бір рет оның өзектілігі және қолданылатын стандарттар мен тәжірибелерге сәйкестігі тұрғысынан қайта қаралады.

28. Егер Бақылау кеңесінің шешімімен Саясатты қолданысқа енгізудің өзге мерзімі белгіленбесе, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Институттың Бақылау кеңесі оларды бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

29. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда немесе Саясаттың жекелеген ережелері мен Қазақстан Республикасының заңнамасы арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Саясаттың мұндай ережелері күшін жояды және Институт саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.